

АҚКК біліктілік КОМИССИЯСЫ

ҚАРАША 2023ж.

Аудит және этика

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған жұмыс дәптерінде жауап беріңіз. Есіңізде болсын, емтихандық модульдегі кез келген жазбалар бағаланбайды, алайда Сіз оған өзіңізге ыңғайлы болу үшін жазба енгізіп (яғни оны шимай дәптер ретінде қолданып) отырсаңыз болады.
- Әр тапсырмаға жауап жаңа парақтан басталуы тиіс.
- Емтихан аяқталғаннан кейін жауаптарға арналған жұмыс дәптерін тапсырыңыз.

Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.

- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 28 балл	42 – 50 минут
2-тапсырма, 18 балл	27 – 33 минут
3-тапсырма, 14 балл	21 – 25 минут
4-тапсырма, 40 балл	<u>60 – 72 минут</u>
- Уақыттың жиыны: 150 – 180 минут
- Барлық ақшалай шамалар есептік бірлікпен (е.б.), осы емтиханда қолданылатын халықаралық ақшалай өрнекпен көрсетілген.
- Қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК компаниясының алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК компаниясының рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-тапсырма (28 балл)

«Marble and Sculpture» компаниясы (бұдан әрі - Компания) мәрмәр өндірісімен және мәрмәр мүсіндерді өндірумен айналысады. Компания жыл сайын өзінің тұжырымдамалық негізі халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (бұдан әрі - ҚЕХС) болып табылатын қаржылық есептілік аудитінен өтуге міндетті. Компанияның аудиторы 9 жыл қатарынан «Профит плюс» аудиторлық компаниясы (бұдан әрі - Аудитор) болып табылады. Компания оны сенімді серіктес ретінде санайды, ал аудит бойынша негізгі серіктесті бәрі бір-бірін бұрыннан білетіндіктен корпоративтерге жиі шақырып отырады. Аудит бойынша осы тапсырманы орындау үшін аудиторлық топтың құрамы өзгерген жоқ, Аудитор тәуелсіздікке төніп тұрған ешқандай қауіп-қатерді анықтамады.

Компанияның 2022 жылғы қызметі мен қаржылық есептілігінің нақты нәтижелеріне сай, аудиторда төмендегідей ақпарат бар:

- 1) Компания акцияларының бақылау жиынтығын иеленушілердің ауысуына байланысты 2022 жылдың басында бас директор қайта сайланып, бас бухгалтер жаңадан тағайындалды, бұл ретте жаңа басқарушы персонал есеп саясатының көптеген аспектілерін (өндірістік негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті амортизациялау әдісі мен жолдары, қаржылық активтер бойынша несиелік тәуекелдерді бағалау мен күрделі есептеулерге негізделген кепілдік міндеттемелер бойынша резервтерді есептеу тұрғылары) қайта қарады;
- 2) 2022 жылдың басында компания ішкі бақылау жүйесін қайта қарап, штатқа тек жаңа Бас директорға бағынаын ішкі аудитор лауазымын енгізді.
- 3) Компания 2022 жылдың соңында компания активтерінің 45%-ын құрайтын өндірістік негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалауды жүзеге асырды, нәтижесінде қайта бағалаулар резерві 8%-ға артты. Бағалау үшін компания өзге саладағы активтерді бағалауда үлкен тәжірибеге ие таныс сарапшыны шақырды;
- 4) 2023 жылдың басында, өткен жылдарда экологиялық талаптарды сақтамағандықтан, Компания 5 жылдан астам уақыт бойы жалға алып отырған және жыл сайын 25 % жылдық кіріс беріп отырған кен орнында мәрмәр өндіруге лицензиясын ұзартпады, басқарушы персонал бұл фактіні аудиторға ашқан жоқ.
- 5) Компанияның жаңа иелері өндірістік қуаттылықтарды жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін Компанияға ұзақ мерзімді пайыздық қарыздар берді, сондай-ақ олардан осындай жаңғырту үшін сатып алынатын жабдықты тікелей жеткізіп отырды. Жеткізілім көлемі айтарлықтай, басқарушы персонал қаржылық есептілікке ескертпелерде компания иелерімен барлық операциялар нарықтық шарттармен жүргізілетінін көрсетті.
- 6) Аудитор 31.12.2022ж. жағдай бойынша баланстық құны ХХХ е.б. құрайтын қорларды бағалауда елеулі бұрмалауларды (асыра бағалауды) анықтады, себебі басқарушы персонал қорлардың есептік күнге қатысты құнын мына екі шаманың, яғни өзіндік құн немесе сатудың таза құнының ең азы бойынша анықтамады, бұл ҚЕХС талаптарынан ауытқу болып табылады және қаржылық есептіліктің бұрмалануына әкеп соқтырды.

Талап етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1.1. Тапсырма шартына сүйене отырып, аудитор тапсырманы қаржылық есептілік аудитіне қабылданғанға дейін сәйкестендіруі қажет болатын тәуелсіздікке төніп тұрған қатерлерді Кәсіпқой бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (бұдан әрі – Этика кодексі) сәйкес тізімдеп сипаттаңыз.

1.2. Сіз алдыңғы (1.1) тармақта анықтаған, Этика кодексіне сәйкес Аудитор үшін тәуелсіздікке төнетін қатерлерді жойып және алдын ала алатын **әрекеттердің 4 мысалын** келтіріңіз.

1.4. Аудитор **ішкі аудит бөлімінің** жұмысын аудиттің мақсаттары үшін пайдалануға болатын-болмайтынын бағалаумен танысып шығуы тиіс болатын **кем дегенде 3 сұрақты** тізімдеңіз.

1.5. Тапсырманың шартына сүйене отырып (3-тармақ) аудитор өзіне келуі мүмкін **қорытындының мысалын** келтіріңіз, аудитор басқарушы персонал сарапшысының жұмыс нәтижелерін аудиторлық дәлелдемелер ретінде қолдану үшін бағалауы тиіс **сұрақтардың кем дегенде 3 мысалын келтіріңіз.**

1.6. Тапсырманың шартына (4-тармақ) сүйене отырып, компанияның 2023 жылға лицензиясының мерзімін ұзартпауымен байланысты оқиғалардың нені көрсететінін, сондай-ақ аудитор осыған

байланысты қандай қосымша аудиторлық рәсімдерді (**кемінде 5 мысал**) орындауы тиіс екенін **көрсетіңіз.**

1.7. Аудитор қаржылық есептілік күні мен аудитордың есеп беру күні арасындағы кезеңде орын алып отырған және қаржылық есептілікте түзетуді немесе ашуды қажет ететін барлық оқиғалардың анықталуы үшін қолайлы аудиторлық дәлелдемелерді жеткілікті мөлшерде алуға арналған аудиторлық рәсімдерді орындауы тиіс. Есептік күннен кейінгі оқиғаларды бағалау үшін ол орындауы тиіс болатын **кем дегенде 4 аудиторлық рәсімді** тізімдеңіз.

1.8. Компания иелерімен қомақты операцияларға байланысты тапсырма шартын ескере отырып (5-тармақ), Компанияның шаруашылық қызметінің әдеттегі барысынан тысқары шығатын, анықталған иелерімен елеулі операциялар үшін аудиторлық рәсімнің мысалын келтіріңіз.

1.9. Тапсырманың шартына (6-тармақ) сүйене отырып, аудиторлық есептің «Ескертпемен пікірдің негізі» бөлімінен үзінді келтіріңіз.

2-тапсырма (18 балл)

«Роберт и Ко» компаниясы (бұдан әрі - Компания) электр қуатының «пайдалануға дайын» күн және жел генераторларының көтерме жеткізушісі болып табылады. Облигациялардың эмитенттері үшін жергілікті заңнама талаптарына байланысты Компания алғаш рет 2022 жылғы қаржылық есептілік аудиті туралы шарт жасасты. «Капитал плюс» аудиторлық фирмасы (бұдан әрі - АФ, аудитор) тұжырымдамалық негізі ХҚЕС болып табылатын Компанияның (бұдан әрі-Компания) 2022 жылғы қаржылық есептілігінің аудитіне кірісті.

Клиенттің қызметімен танысу кезеңінде елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалау және аудит рәсімдерін жоспарлау үшін аудиторлар компанияға қатысты аудиторлық файлда құжатталған келесі ақпаратты алды:

1. Компания 2021 жылғы қаржылық есептіліктің анықталған бұрмаланларына байланысты бөлінбеген пайданың кіріс қалдықтарын және сатып алушылардың дебиторлық берешегінің сальдосын айтарлықтай азайтты (31.12.2021 ж. қатысты банкрот деп танылған дебиторлар бойынша дебиторлық берешек асыра бағаланды).
2. Аудитордың қатысуынсыз жүргізілген қаржылық есептілікті әзірлеу күніне қатысты активтерді түгендеу нәтижелері бойынша қоймада және сақтау орындарында қандай да бір кем шығулар немесе артық шығулар анықталмады, алайда аудиторларға Компанияның бас қоймаларының бірінде қорлардың айтарлықтай мөлшерде кем шығуы мүмкін екені мәлім болды, алайда кінәлілер анықталмағандықтан, басшылық бұл фактіні өткен жылдың артық шығуларымен жасыруды жөн көрді.
3. Дебиторлық берешек үшін «бар» және «бағалау» тұжырымдары деңгейінде елеулі бұрмалану тәуекелдеріне жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді орындаумен, Аудиторлар өткен жылдың соған сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2022 жылдың соңына қарсы дебиторлық берешек сальдосының айтарлықтай өскенін анықтады, сонымен қатар қарызы айтарлықтай болып табылатын көптеген дебиторлар Аудиторды растау туралы сұратуға жауап бермеді.
4. Компанияның мәліметінше, қаржылық есептілік үш операциялық сегментке қатысты ақпаратты ашуды қамтиды.
5. Компанияның дирекциясы сонымен қатар аудиторларға 2022 жылғы қаржылық есептілікпен бір уақытта жарияланатын корпоративтік басқару туралы есепті тексеруді ұсынды.

Талап етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

- 2.1. Тапсырманың шарттарын ескере отырып (1-тармақ), аудитор Компанияның қаржылық есептілігінің аудитін **алғаш рет** бастаған кезде құжаттауы тиіс болатын **кем дегенде үш аудиторлық рәсімді** тізімдеңіз.

--

3-тапсырма (14 балл)

«Эккаунт» аудиторлық фирмасы (бұдан әрі – АФ) өз клиенттеріне тарихи қаржылық ақпараттың аудиті немесе шолуы болып табылмайтын сенімділік беру қызметтерін (бұдан әрі - сенімділік беру жөніндегі тапсырмалар), сондай-ақ келісілген рәсімдер бойынша аудиторлық қызметтерді көрсетумен, қызмет саласын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Осыған байланысты АФ тиісті фирмаішілік стандарттарды әзірлеу және енгізу сатысында.

1 «Қаржылық есептіліктің аудиттерін немесе шолуларын немесе басқа да сенімділік беру немесе ілеспе қызметтерді көрсету бойынша тапсырмаларды орындайтын фирмалар үшін сапаны басқару» Халықаралық сапаны басқару стандартына (СБХС) сәйкес, фирма ол орындайтын тапсырманың сапасын белсенді басқару үшін сапа басқару жүйесінің компоненттерін әзірлеу, енгізу және пайдалану кезінде тәуекелге бағытталған тәсілді өзара байланысқан және үйлестірілген түрде қолдануы керек.

Талап етіледі: төменде келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.

3.1. 1- СБХС сәйкес аудиторлық фирманың сапасын басқару жүйесін енгізу үшін тәуекелге бағытталған тәсілдің **үш** құраушысын қысқаша тізімдеңіз.

3.2. Сенімділік беру тапсырмаларын орындау кезінде тәжірибеші маманның негізгі **үш** мақсаты қандай екенін тізімдеңіз.

3.3. Серіктестің тапсырманың жалпы сапасына сенімділік беру бойынша жауапкершілігіне кіретін кемінде **бес** тармақты тізімдеңіз.

3.4. Келісілген рәсімдер бойынша тапсырманың **мақсаттарын** тізімдеңіз.

4-тапсырма (40 балл)

Төмендегі сұрақтардың әрқайсысы бойынша ең жақсы жауапты таңдаңыз. Барлық 20 сұрақ бойынша жауабыңызды белгілеңіз. Әр сұраққа бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделеді.

4.1 Төменде тізімделгендердің қайсысы топтың қаржылық есептілігіне аудит жүргізу кезінде **маңызды** компоненттер үшін аудиторлық рәсімдерді орындауға қатысты дұрыс болып табылады?

- а) Мұндай компоненттердің аудиторы тек осындай компоненттің бақылау құралдарын тексеруді орындауы тиіс.
- б) Тек топ аудиторы топ деңгейінде осындай компоненттерге қатысты аналитикалық рәсімдерді орындауы керек.
- в) Мұндай компоненттердің аудиторы компоненттің қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылығын анықтап, содан кейін аудиторлық рәсімдердің сипатын топ аудиторымен келісуі тиіс.
- г) Мұндай компоненттердің аудиторы шоттардың бір немесе бірнеше қалдықтарына, операциялар кластарына немесе топтың қаржылық есептілігінің елеулі бұрмалануының ықтимал елеулі тәуекелдеріне қатысты ақпаратты ашуға аудит жүргізуі тиіс.

4.2 Төменде келтірілген факторлардың қайсысы ХАС 530 сәйкес бөлшектерді сынау кезінде іріктеу көлемінің **ұлғаюына** әкеледі?

- а) Шын мәнінде тура осы тұжырымға бағытталған басқа рәсімдерді қолданудың көбеюі.
- б) Аудитордың елеулі бұрмалану тәуекелінің бағасын жоғарылатуы.
- в) Жарамды бұрмалаудың артуы.
- г) Бас жиынтықты стратификациялау (мүмкіндігінше).

4.3 Қаржылық есептілікті шолу тапсырмалары үшін шектеулі сенімділікті алу мүмкін болмаған, ал тәжірибеші маманның өз есебінде ескертпесі бар қорытынды беруі тапсырманың мән-жайларына орай жеткіліксіз болатын барлық жағдайларда ХСТС 2400 тәжірибелеуші маманнан не талап ететінін көрсетіңіз.

- а) Тапсырма бойынша өз есебінде қорытынды беруден бас тарту немесе бұл орынды болған жағдайда, егер мұндай бас тартуға қолданыстағы заңнамалық немесе нормативтік актілермен жол берілсе, тапсырманы орындаудан бас тарту.
- б) Аудиторлық рәсімдерді егжей-тегжейлі тестермен толықтыру немесе өз есебіңізде тапсырма бойынша теріс қорытынды беру.
- в) Өз қорытындыңызға пайдаланушыларға өз қорытындысын өзгерту себептері туралы хабарлайтын Түсіндірме параграфты енгізу.
- г) Аудиторлық тәуекелді қайта қарау және егжей-тегжейлі тестілер мен бақылау құралдарының тестілерін қамтыған аудиторлық рәсімдермен толықтыру, себебі мұндай жағдайларда бұл ШТХС 2400 бойынша қажет етіледі.

4.4 ХАС мақсаттары үшін кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесіне **мыналарды қоспағанда**, төменде келтірілген барлық өзара байланысты компоненттер кіреді:

- а) жоғары басқарушы персоналды оқыту және біліктілігін арттыру жүйелері;
- б) бақылау ортасы;
- в) кәсіпорындардың тәуекелдерін басқару процесі;
- г) бақылау құралдары.

4.5 Аудитордың қорытынды шығарған күнінен кейін түпкілікті аудиторлық файлды қалыптастыруды аяқтау кезеңінде қандай әрекеттерге жол беріледі?

- а) Аудиттің негізгі мәселелеріне қатысты серіктестің қорытындыларын өзгерту (нақтылау).

- б) Сапа бақылаушысы тапсырма деңгейіндегі сапаны бақылау нәтижелеріне қатысты енгізген толықтырулар.
- в) Алмастырылған құжаттаманы жою немесе өшіру.
- г) Тапсырманы орындау үшін қажетті жұмыс уақытының бюджетін бағалау.

4.6 Егер аудитор аудиторлық іріктеу тестіленіп жатқан бас жиынттыққа қатысты қорытынды жасау үшін жеткілікті негіздеме бермейді деген қорытындыға келсе, бақылау құралдары тесітіленген жағдайда ол:

- а) іріктеменің көлемін арттыра алады;
- б) бақылау тестілерін іріктеу үшін тура сондай тұрғыны қолданумен, басқа күні қайта өткізе алады;
- в) бақылау сынақтарының орнына, тіпті орынсыз болса да, аналитикалық рәсімдерді орындай алады;
- г) басқарушы персоналдың бұл бақылау құралдарының бақылау тәуекелдерін жоюға ықпал ететіндігі туралы куәландыруын сұрата алады.

4.7 Келесі тұжырым үшін дұрыс жауап нұсқасын таңдаңыз:

«ХАС-қа сәйкес, аудитор төмендегілер үшін аудиторлық рәсімдерді орындаудың маңыздылығын анықтайды:

- 1) елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалау үшін;
 - 2) аудиторлық фирманың тәуелсіздігін бағалау үшін;
 - 3) аудиторлық қызметтердің құнын анықтау үшін;
 - 4) кейінгі аудиторлық рәсімдердің мазмұнын, орындалу уақытын және көлемін анықтау үшін»
- а) 1, 2.
 - б) 2, 3.
 - в) 1, 4.
 - г) 2, 4.

4.8 Келесі тұжырым үшін дұрыс жауап нұсқасын таңдаңыз:

«ХАС-қа сәйкес, аудитор арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке қатысты пікірді қалыптастыру кезінде:

- 1) аудитордың пікірін негіздеу үшін арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудитіне тапсырыс берушімен келісілген аудиторлық рәсімдерді ғана орындауы тиіс;
 - 2) ХАС 700 (қайта қаралған) талаптарын қолдануы тиіс;
 - 3) аудитордың есебін пайдаланушылардың ерекше назарын қаржылық есептіліктің арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негізге сәйкес жасалағанына және нәтижесінде оны басқа мақсаттарда пайдалануға болмайтынына аударумен, «Түсіндірме параграфын» қамтуы тиіс;
 - 4) аудитордың есебін пайдаланушылардың ерекше назарын қаржылық есептіліктің аудиттің басты мәселесі болып табылатын арнайы мақсаттағы тұжырымдамалық негізге сәйкес жасалағанына аударумен «Аудиттің басты мәселелері» бөлімін қамтуы тиіс».
- а) 2, 3.
 - б) 1, 4.
 - в) 1, 3.
 - г) 2, 4.

4.9 ШТХС 2400 сәйкес, «аудитор» термині бұл ШТХС-да келесі себептермен қолданылады:

- а) осы ШТХС-ың қолданылу аясы тиісті құқығы бар кез-келген аудиторлық компания жүзеге асыратын аралық қаржылық ақпаратты шолумен шектеледі;
- б) осы ШТХС-ың қолданылу аясы осы кәсіпорынның қаржылық есептілігінің тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолумен шектеледі;
- в) аралық қаржылық ақпаратты шолу кезінде аудитор іс жүзінде аудит кезінде жасалатын аудиторлық рәсімдерді, бірақ аралық күнге қатысты орындайды.

- г) халықаралық қаржылық ақпаратқа шолу жасауға міндеттеме қабылдаған аудитор оны жылдық қаржылық есептіліктің аудиті кезінде қолданылған ХАС-тың барлық талаптарына сәйкес орындауы тиіс.

4.10 Бұдан әрі келтірілген тұжырымдардың қайсысы 2 «Тапсырманың сапасын тексеру» СБХС сәйкес **дұрыс** болып табылады?

- а) Тапсырманың сапасын тексеру фирманың барлық тапсырмаларының кәсіби стандарттарға және қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптарға, сондай-ақ фирманың саясатына немесе рәсімдеріне сәйкес келетіндігін бағалауға арналған.
- б) Тапсырманың сапасын тексеруге жауапты тапсырма бойынша команда мүшесі болып табылады.
- в) Тапсырманың сапасын тексеруге жауапты адамнан әрқашан тапсырма бойынша пікірді немесе қорытындыны қолдау үшін дәлелдемелерді алу талап етіледі.
- г) Тапсырманың сапасын тексеру - бұл команданың тапсырма бойынша айтқан маңызды пайымдауларын және олар бойынша жасаған қорытындыларын объективті бағалау.

4.11 Егер қаржылық есептілік жарияланған күнге дейін, заңдар, нормативтік актілер немесе қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі басқарушы персоналға қаржылық есептіліктің өзгеруін есепті кезеңнен немесе осы өзгеріске әкеп соқтыратын оқиғалардан кейінгі оқиғаның әсерін көрсетумен шектеуге тыйым салмаса, ал қаржылық есептілікті бекітуге жауапты адамдарға бұл өзгерісті бекітуді шектеуге тыйым салынбаса, аудитор аудиторлық пікірді ұсынған жағдайдың өзінде тиісті аудиторлық рәсімдерді орындау кезінде:

- а) тапсырыс берушімен келісімі бойынша алдыңғысын кері қайтарып, бұрын берілген аудиторлық есепті ауыстыруды ұсына алады;
- б) аудитордың есебін осы өзгеріспен шектелген қосымша күнді қосу үшін өзгерте алады, мұндай қосымша күн осылайша есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар бойынша аудиторлық рәсімдердің қаржылық есептіліктегі тиісті ескертуде сипатталған қаржылық есептіліктегі өзгерістермен ғана шектелетінін көрсетеді;
- в) өз тарапынан кез келген әрекеттен бас тарта алады, себебі ХАС мұндай жағдайларда аудиторлық есепті қайта шығаруға рұқсат бермейді;
- г) «Аудиттің басты мәселелері» бөлімінде есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар бойынша аудиторлық рәсімдер қаржылық есептілікке тиісті ескертпеде келтірілген қаржылық есептілікке өзгерістермен ғана шектеледі деп көрсетілген аудитордың жаңа есебін ұсына алады.

4.12 ХАС-қа сәйкес, егер басқарушы персонал қаржылық есептілік үшін оның жауапкершілігінің жазбаша куәландыруларын ұсынбаса, бұл аудитор жеткілікті көлемде қолайлы аудиторлық дәлелдемелерді АЛА АЛМАЙДЫ деген мағынаны білдіреді, онда аудитор:

- а) осы мән-жайды ашуды қамтитын ескертпемен өз пікірін ұсынуы тиіс;
- б) бұл фактіні аудитор есебінің «Басқа сұрақтар» бөлімінде ашуы тиіс;
- в) теріс пікірін ұсынуы тиіс;
- г) қаржылық есептілікке қатысты пікір білдіруден бас тартуы тиіс.

4.13 Бұдан әрі келтірілген қандай жағдайларда аудитор өзгертілмеген пікір білдіріп, аудиторлық есепке «Үздіксіздікке қатысты елеулі белгісіздік» деген тақырыптағы бөлімді енгізуі тиіс?

- а) Егер Елеулі белгісіздік туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылмаса.
- б) Егер Елеулі белгісіздік туралы ақпарат қаржылық есептілікте тиісті түрде ашылса.
- в) Егер Басқарушы персонал аудитор мұны аудитор өтінген кезде үздіксіз қызметті бағалауды жасағысы немесе кеңейткісі келмесе.
- г) Егер аудитордың пікірінше басқарушы персоналдың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды бухгалтерлік есептің негізі ретінде қаржылық есептілікте қолдануы тиімсіз болса.

4.14 Аудитор кәсіпорынның қаржылық есептілігінің толық жиынтығының аудиті бойынша тапсырмамен бірге Қаржылық есептің жеке элементіне қатысты есеп бойынша тапсырманы қабылдаған жағдайдағы аудитордың әрекеттерін көрсетіңіз.

- а) Әр тапсырма бойынша жеке пікір білдіру.
- б) Аудитордың кәсіпорынның қаржылық есептілігінің толық жиынтығына қатысты есебіне «Аудиттің өзге мәселелері» бөлімін енгізу, онда ол қаржылық есептің жекелеген элементіне қатысты пікір білдіреді.
- в) Аудитордың осы тапсырмаларға қатысты пікірлері әр түрлі болған жағдайда ғана екі бөлек есеп беру.
- г) Аудиторға осындай екі тапсырманы бір уақытта қабылдауға тыйым салынады.

4.15 Егер пікірін негіздеу үшін жеткілікті көлемде тиімді аудиторлық дәлелдер **ала алмаса**, алайда егер бар болса, анықталмаған бұрмаланулардың қаржылық есептілікке ықтимал әсер етуі елеулі, алайда жан-жақты болмауы мүмкін деген қорытындыға келесе, аудитор қандай пікір білдіруі тиіс?

- а) Теріс пікір.
- б) Пікір білдіруден бас тарту.
- в) Ескертпесі бар пікір.
- г) Түсіндірме параграфы бар өзгертілмеген пікір.

4.16 Маңызды кемшіліктердің ықтимал әсерін түсіндіре отырып, ішкі бақылаудың елеулі кемшіліктеріне қатысты ең жоғары уәкілеттіктерге ие адамдарға ақпарат беруде аудитор төмендегілердің барлығын қамтуы керек, қоспағанда:

- а) аудитор ішкі бақылаудың анықталған кемшіліктерінің әсеріне сандық бағалауды жүзеге асыруға міндетті;
- б) аудитор мүмкіндігінше анықталған кемшіліктерді топтастыруы тиіс;
- в) аудитор кемшіліктерге жауап ретінде басқарушы персоналдың іс-шаралары (шаралары) жүзеге асырылғанын тексеру үшін өзінің қандай да бір рәсімдерді орындаған-орындамағаны туралы мәлімдемені енгізуі тиіс;
- г) аудитор ақпараттың жазбаша хабарламасын кемшіліктерді жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды енгізе алады.

4.17 Аудитордың есебінде алдыңғы кезеңдегі қаржылық есептіліктің аудитке жатпайтындығын қалай көрсету керектігін көрсетіңіз?

- а) Бұл факт «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде ашылуы тиіс.
- б) Аудитор аудитордың есебіндегі «Басқа мәселелер» параграфында тиісті көрсеткіштердің аудитке жатпағанын көрсетуі тиіс.
- в) Аудитор ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептіліктегі елеулі бұрмалануларды анықтаған жағдайда ғана аудитор аудиторлық пікірді және алдыңғы кезеңдегі есептілікті өзгертуі тиіс.
- г) Аудитор аудитор есебінің «Түсіндірме параграфында» тиісті көрсеткіштердің аудитке жатпағанын көрсетуі тиіс.

4.18 330 ХАС-қа сәйкес «**растау**» аудиторлық рәсімі неге жатады?

- а) аудиторлық рәсімнің сипатына.
- б) аудиторлық рәсімнің мақсатына.
- в) аудиторлық рәсімнің әдісіне.
- г) аудиторлық рәсімнің типіне.

4.19 Аудитордың қаржылық есептілікте анықталған бұрмалануларды бағалауына қатысты төмендегі мәлімдемелердің қайсысы **дұрыс** болып табылады?

- а) Аудитор аудиттің барлық рәсімдерін орындау кезінде анықтайтын бұрмаланулардың барлығын, ешқайсысын қалдырмай жинақтауға міндетті.
- б) Аудитор әрбір анықталған бұрмалану кезінде аудит стратегиясын қайта қарауы тиіс.
- в) Аудитор, егер заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынбаған болса, аудит кезінде жинақталған барлық бұрмаланулар туралы тиісті басқарушы персоналға уақтылы хабарлап отыруы тиіс.
- г) Егер аудитордың талабы бойынша басқарушы персонал қаржылық есептілікке тиісті өзгерістер енгізсе, Аудитор аудит рәсімдерін қайта жүргізбеуі тиіс.

4.20 Төмендегілердің қайсысы 540 ХАС (қайта қаралған) аудитор есептік бағалауға қатысты келесі қандай аудиторлық рәсімдерді орындауы тиіс дегенге қатысты дұрыс болып табылады?

- 1) Аудиторлық есептің күнінде болған оқиғалар негізінде аудиторлық дәлелдемелер алу;
 - 2) Тестирование того, как управленческий персонал осуществляет учетную оценку;
 - 3) Аудитордың нүктелік бағасын немесе диапазонын әзірлеу.
- а) тек қана 1.
 - б) тек қана 1 мен 3.
 - в) тек қана 2, себебі ХАС аудиторды басқарушы персоналдың есептік бағалауларда сыңар жақтылығы нәтижесінде елеулі бұрмалану тәуекеліне жауап ретінде бухгалтерлік бағалау үшін осы аудиторлық рәсімді орындауға міндеттейді.
 - г) Барлық аудиторлық рәсімдер (1, 2 және 3), егер олар осы тәуекелдер үшін анықталған бағалау себептерін ескере отырып, тұжырымдар деңгейінде елеулі бұрмаланудың бағаланған тәуекелдеріне жауап берсе, рұқсат етіледі

ЕМТИХАННЫҢ СОҢЫ

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

ЖАУАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ОРЫНДАР

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

<i>№ сұраққа жауап беруге арналған орын</i>

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ